

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі
«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ



**2023-2029 ЖЫЛДАРҒА АРНАЛҒАН «ҚОРҚЫТ АТА АТЫНДАҒЫ
ҚЫЗЫЛОРДА УНИВЕРСИТЕТІ» КЕАҚ-ТЫҢ
ДАМУ БАҒДАРЛАМАСЫ**

Қызылорда қ, 2024 ж.

«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ-тың 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы 2023 жылғы 1 қыркүйектегі Директорлар кеңесінің отырысында қаралды және №5 хаттамамен бекітілді, 2023 жылғы 21 желтоқсанда №8 хаттамамен, 2024 жылғы 3 желтоқсанда №8 хаттамамен өзгерістер мен толықтырулар енгізілді.

МАЗМҰНЫ

1. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ	4
Кіріспе	6
2. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ	7
2.1 Сыртқы ортаны талдау	7
2.2 Ағымдағы жағдайды талдау	9
3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМДАУЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ.....	16
4. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУДЕГІ МІНДЕТТЕР	17
5. КҮТІЛЕТІН НӘТИЖЕЛЕР	35
6. РЕСУРСТАР	36
7. СӨЗТІЗБЕК ПЕН ҚЫСҚАРҒАН СӨЗДЕРДІ ТАРАТЫП КӨРСЕТУ	39

1. БАҒДАРЛАМА ПАСПОРТЫ

Бағдарлама атауы	«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» коммерциялық емес акционерлік қоғамының 2023-2029 жылдарға арналған Даму бағдарламасы
Бағдарламаны әзірлеу үшін негіздеме	Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2024 жылғы 1 шілдедегі «Ғылым және технологиялық саясат туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Ғылыми және (немесе) ғылыми-техникалық қызмет нәтижелерін коммерцияландыру туралы» Заңы; Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 9 ақпандағы «Мемлекеттік жастар саясаты туралы» Заңы; Қазақстан Республикасы Президентінің 2018 жылғы 15 ақпандағы № 636 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының 2025 жылға дейінгі ұлттық даму жоспары; Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың 2021 жылғы 1 қыркүйектегі «Халық бірлігі мен жүйелі реформалар – ел өркендеуінің берік негізі» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың 2022 жылғы 16 наурыздағы «Жаңа қазақстан: жаңару мен жаңғыру жолы» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Қ.-Ж.Тоқаевтың 2022 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан Республикасының Президенті Қ.Ж.Тоқаевтың 2023 жылғы 1 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдары» атты Қазақстан халқына Жолдауы; Қазақстан Республикасының Президенті Қ. Ж.Тоқаевтың 2024 жылғы 2 қыркүйектегі «Әділетті Қазақстан: заң мен тәртіп, экономикалық өсім, қоғамдық оптимизм» атты Қазақстан халқына Жолдауы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2023 жылғы 28 наурыздағы №248 қаулысымен бекітілген

	Қазақстан Республикасының Жоғары білім мен ғылымды дамытудың 2023-2029 жылдарға арналған тұжырымдамасы; 2023 жылғы 26 маусымдағы ҚР Ғылым және жоғары білім министрі мақұлдаған жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдары мен ғылыми ұйымдардың даму бағдарламалары мен жоспарларын әзірлеу және іске асыру жөніндегі әдістемелік ұсыныстар
Бағдарлама әзірлеушісі	«Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті» КеАҚ
Мақсаты	Адами капиталды қалыптастыруға және қоғамның әлеуметтік-экономикалық дамуына әсер ететін бәсекеге қабілетті өңірлік университет құру
Міндеттері	- елдің инновациялық экономикасының міндеттеріне сәйкес келетін білікті кадрларды даярлау; - ғылым мен инновацияны дамыту, жаңа идеяларды қалыптастыруға жастарды тарту үшін жағдай жасау; - жалпыұлттық бірлікті, ұлттық мәдениетті және үйлесімді тұлғаны дамытуға қосқан үлесін арттыру
Бағдарламаны іске асыру мерзімі	2023-2029 жылдар
Қаржыландыру көздері	- республикалық бюджет; - мемлекеттік-жекешелік әріптестік қаражаттары; - шарттар бойынша ұйымдардан, кәсіпорындардан және мекемелерден түскен қаражат; - халықаралық ғылыми және білім беру қорлары мен ұйымдары бөлетін қаражат; - университеттің өз қаражаты; - демеушілердің қайырымдылық жарналары, заңды және жеке тұлғалардың ерікті қайырымдылықтары; - ғылыми жұмыстардың нәтижелерін іске асырудан түсетін кірістер; - ақылы қызмет көрсетуден түсетін кірістер; - эндаумент-қор қаражаты; - нысаналы даму трансферттері (академиялық артықшылық орталығы); - инвестициялар.

КІРІСПЕ

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" коммерциялық емес акционерлік қоғамы солтүстік-батысында Ақтөбе облысымен, солтүстігінде Қарағанды облысымен, шығысында және оңтүстік – шығысында Түркістан облыстарымен, оңтүстігінде Өзбекстан Республикасымен шектесетін облыс орталығында орналасқан ірі өңірлік университеттердің бірі болып табылады.

1937 жылы Қиыр Шығыс педагогикалық институтының негізінде құрылған университет білікті кадрларды даярлайтын ұстаханаға айналды. Классикалық ғылымның үздік дәстүрлерін және ғылыми мектептердің сабақтастығын сақтай отырып, ұжымның алдында мықты өңірлік университет құру міндеті тұр.

Университеттің корпоративтік басқару, білім беру, ғылыми-зерттеу және әлеуметтік-тәрбиелік қызметі университеттің 2021-2025 жылдарға арналған Даму Стратегиясында белгіленген 6 бағыт шеңберінде жүзеге асырылды.

2024 жылға қарай білім алушылар контингенті 10 мыңнан астам адамды құрайды, жылдан жылға грантқа түсушілер саны өсуде. Соңғы 5 жылда мемлекет тарапынан ғылымды қаржыландырудың өсуі аймақтық университеттің кірісіне айтарлықтай әсер етеді. Мәселен, егер 2018 жылы университетте 62 млн. теңге сомасына жобалар іске асырылса, 2024 жылы ғылыми-зерттеу жұмысынан түскен табыс 771 408 мың теңгені құрады.

Қызылорда облысының 2025 жылға дейінгі даму жоспарына сәйкес облыс келешекте жоғары транзиттік әлеуеті бар индустриялық бизнес пен кәсіпкерлікті тартатын орталыққа айналуы керек. "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КЕАҚ даму бағдарламасы өңірді дамытуға: кадрлық сұраныстарды қанағаттандыруға, ғылым мен өндірісті интеграциялауға, жоғары білім беруді интернационалдандыруға және университеттің халықаралық аренадағы рейтингін арттыруға бағытталған.

2. СЫРТҚЫ ОРТА МЕН АҒЫМДАҒЫ ЖАҒДАЙДЫ ТАЛДАУ

2.1. Сыртқы ортаны талдау

Қызылорда облысы индустриалды-аграрлық өңір болып табылады. Өңірдің өнеркәсібі тау-кен өнеркәсібі, металлургия, машина жасау, энергетика, химия, жеңіл және тамақ өнеркәсібі, құрылыс индустриясы және құрылыс материалдарын өндіру кәсіпорындарымен белгілі.

Өңірде агроөнеркәсіптік кешен белсенді дамып келеді. Облыс аумағында дәнді, жемшөп, картоп, көкөніс, бақша, майлы ауыл шаруашылығы дақылдары өсіріледі. Қызылорда облысы республикада күріштің негізгі өндірушісі болып табылады (90%).

Өңірдің ауыл шаруашылығын, сондай-ақ азық-түлік, құрылыс материалдар өндірісін дамытуда, қызмет көрсету саласын, туризмді және т.б. дамытуда жоғары әлеуеті бар. Экономиканың перспективалы бағыты мал шаруашылығын дамыту, ет өнімдерін өңдеу, балық аулау және экспорттық әлеуеті жоғары балық өңдеу болып табылады. Мал шаруашылығында түйе шаруашылығы, жылқы шаруашылығы және қой шаруашылығы дамуда.

Халық саны бойынша облыс 17 облыс пен Республикалық маңызы бар 3 қала арасында 9-орынды алады. Мәселен, 2024 жылғы 1 маусымдағы жағдай бойынша халық саны 844,5 мың адамды құрады, оның ішінде 396,8 мың адам (47%) - қалалық, 447,7 мың адам (53%) - ауыл тұрғындары.

2024 жылғы қаңтар-мамырда халықтың табиғи өсімі 6041 адамды құрады (өткен жылдың тиісті кезеңінде – 6360 адам).

Көші - қон сальдосы теріс және--3490 адамды құрады (2023 жылғы қаңтар – мамырда -1767 адам), оның ішінде сыртқы көші - қон – 0(-7), ішкі көші - қон-3490 адам (-1760).

Жалпы өңірлік өнім көлемі 2024 жылғы қаңтар-наурызда ағымдағы бағамен 576,2 млрд. теңгені құрады. 2023 жылғы қаңтар-наурызбен салыстырғанда нақты ЖӨӨ 6,9% - ға өсті. ЖӨӨ құрылымында тауарлар өндірісінің үлесі 29,3%, қызметтер – 63,8% құрады.

2024 жылғы қаңтар-маусымда өнеркәсіп өндірісінің көлемі қолданыстағы бағамен 522069 млн. теңгені құрады, бұл 2023 жылғы қаңтар-маусымға қарағанда 5% - ға артық.

Тау-кен өндіру өнеркәсібінде өндіріс көлемі 3,7% - ға төмендеді, өңдеу өнеркәсібінде 37,5% - ға, электр энергиясымен, газбен, бумен, ыстық сумен және кондиционерленген ауамен жабдықтауда 2,5% - ға өсім байқалды, сумен жабдықтау; су бұру; қалдықтарды жинау, өңдеу және жою, ластануды жою жөніндегі қызмет 0,9% - ға төмендеді.

2024 жылғы қаңтар-маусымда ауыл шаруашылығы өнімінің (көрсетілетін қызметтерінің) жалпы шығарылымының көлемі 28044,5 млн.теңгені немесе 2023 жылғы қаңтар-маусымға 104,0% -. құрады.

2024 жылғы қаңтар-маусымда негізгі капиталға инвестициялар көлемі 233856 млн. теңгені немесе 2023 жылғы қаңтар-маусымға 141,4% құрады.

Қызылорда облысында жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімі бар мамандарды даярлауды 3 жоғары оқу орны жүзеге асырады: "Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КЕАҚ (даярлық деңгейлері: бакалавриат-магистратура-докторантура), Қызылорда ашық университеті (даярлық деңгейлері: бакалавриат-магистратура), Қызылорда "Болашақ" университеті (даярлық деңгейлері: бакалавриат-магистратура).

Өңірде жұмыс істейтін жекеменшік университеттерден басқа, шекаралас облыстардың – Ақтөбе, Түркістан, сондай-ақ Республикалық маңызы бар қалалардың: Астана, Алматы, Шымкент университеттері айтарлықтай бәсекелестікке ие. 1-кестеде 2022-2023 жылдарға арналған шекаралас аймақтағы жоғары оқу орындарының контингенті көрсетілген. Қызылорда облыс мектептері мен колледж түлектерінің жоғары оқу орнын таңдауы ең алдымен жоғары оқу орындарының баға саясатына және ҰБТ шекті балына (педагогикалық мамандықтар бойынша) байланысты.

Арал және Қазалы аудандарының талапкерлері үшін Қ. Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті тартымды болып табылады, себебі "Серпін" бағдарламасы аясында оқытуды ұсына алады, сондай-ақ оқуға жеңілдіктердің кең спектрі көрсетілген.

Қ.А.Ясауи атындағы Халықаралық қазақ-түрік университеті Жаңақорған ауданының талапкерлері үшін өте тартымды. Білім беру қызметінің кеңейтілген тізімін ұсына отырып, оның ішінде "Денсаулық сақтау", 4 тілде оқыту, сондай ақ Түркия Республикасы тарапынан оқуға квота беріледі.

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КЕАҚ-ның бәсекелестік артықшылығы оқытудың үш деңгейі бойынша білім беру бағдарламаларын ұсыну, төменірек оқу ақысы, ректор грантын ұсыну, оқуға түрлі жеңілдіктер қарастырылған, жақсы инфрақұрылым және материалдық-техникалық база, сондай-ақ өндіріспен тығыз байланыста.

Университеттің аймақты дамыту мүмкіндіктері келесі бағыттарда жүзеге асады:

- университеттің Қызылорда облысының экономика және әлеуметтік салалары үшін кадрларды ірі "жеткізуші" ретіндегі үлесі;

- қолданбалы ғылыми зерттеулерді, ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық әзірлемелерді дамыту;

- бизнес-инкубаторларды, стартап-компанияларды, инновациялық орталықтарды, жобалау (конструкторлық) бюроларды және қызмет бейіні бойынша басқа да құрылымдарды құру;

- кәсіптік білім беру және қайта даярлау, кадрлардың біліктілігін арттыру;

- 2023-2029 жылдарға арналған жоғары білім мен ғылымды дамыту тұжырымдамасын іске асыру шеңберінде құрылатын академиялық артықшылық орталығы ретінде жаңа ғылыми-білім беру зертханасының жұмыс істеуі;

- интернационалдандыруды кеңейту және өңірге шетелдік студенттерді тарту, шетелдік жоғары оқу орындарымен бірлескен/қос дипломды бағдарламалар құру.

Университеттің білім алушылары мен қызметкерлері өңірдің экономикалық және әлеуметтік өміріне, мәдениет, білім және инновацияларды дамытуға белсенді қатысады. Мұндай қатысудың негізгі формаларына мыналар жатады:

- жұмыс берушілерімен, ЖАО - мен және компаниялар мен Қызылорда облысын дамыту жөніндегі жол карталары мен БББ бағдарламаларын бірлесіп әзірлеу;

- ұйымдар мен өндірістік компанияларға консультативтік және сараптамалық көмек көрсету;

- университеттің шығармашылық ұжымдарының мәдени-ағарту жұмыстары;

- салауатты өмір салтын белсенді насихаттау және БҰҰ-ның 17 тұрақты мақсатын ілгерілету.

2.2 Ағымдағы жағдайды талдау

"Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті" КеАҚ 83 бакалавриат, 44 магистратура, 13 докторантура (PhD) білім беру бағдарламалары бойынша 5 институт, 20 білім беру бағдарламасы (кафедра), 4 секция, сондай-ақ 6 ғылыми орталық базасында кадрлар даярлауды жүзеге асырады.

Университет QS World University Ranking-2024 рейтингі бойынша әлемнің 1401 + үздік университеттерінің қатарына кіреді.

Азия құрлығының жоғары оқу орындары арасында QS Asia ranking рейтингтік агенттігінің нұсқасы бойынша 2024 жылы университет ТОП-541-560-қа кірді.

UI Green Metric World University Rankings-2023 әлемдік рейтингінде университет 1015 орында.

Қорқыт ата атындағы Қызылорда университеті 2024 жылы алғаш рет Times Higher Education рейтингінде Global University impact Rankings-2025 индикаторы бойынша нәтижелер көрсетті. Рейтинг қорытындысы бойынша университет БҰҰ Тұрақты даму мақсаттарының келесі бағыттары бойынша әлемнің үздік жоғары оқу орындары арасында 1501 + позициясын иеленді:

Мақсат 10. Теңсіздікті азайту;

Мақсат 11. Тұрақты қалалар мен елді мекендер;

Мақсат 16. Бейбітшілік, әділеттілік және тиімді институттар;

Мақсат 17. Тұрақты даму мүддесіндегі серіктестік.

Университет Еуразиялық-Тынық мұхиты университеттер желісінің (Вена, Австрия), еуропалық жоғары оқу орындары қауымдастығының (Брюссель, Бельгия), Болон процесінің негізі болып табылатын Университеттердің Ұлы Хартиясының (Magna Charta de Universitès) (Болонья, Италия), Еуразиялық Жоғары оқу орындары қауымдастығының, Азия университеттері қауымдастығының, Оңтүстік-Шығыс экономикалық университеттер қауымдастығының мүшесі болып табылады Еуропа және Қара теңіз өңірі (Греция), сондай-ақ Орталық Азия және Оңтүстік Кавказ елдерінің ауыл шаруашылығы университеттерінің консорциумы.

2023 жылы университет "Орхун" алмасу бағдарламасы аясында Түркі кеңесінің түркі университеттері одағына мүше университеттер арасында студенттер мен оқытушылар құрамының алмасуына жәрдемдесуге бағытталған белсенді жұмысты бастады. Бұл академиялық саясаттағы академиялық ұтқырлықтың рөлін арттыруға және оқу нәтижелерін тануға, осы бағдарламаға қатысушылар арасында зерттеу бағдарламалары мен жобаларын енгізу мен іске асыруға ықпал етеді.

2022 жылы университет тәуелсіз аккредиттеу және рейтинг агенттігін (АРТА) халықаралық институционалдық аккредиттеу рәсімінен 5 жыл мерзімге (2027 жылдың желтоқсанына дейін) сәтті өтті. 110 ББ АРТА мамандандырылған аккредиттеу куәліктері алынған.

Аккредиттеу және рейтингтің тәуелсіз агенттігі (АРТА) өткізетін ЖОО-лардың ұлттық сұраныс рейтингінің қорытындысы негізінде университет 7-орынды иелене отырып, Қазақстан Республикасының үздік 10 жоғары оқу орнының қатарына кіреді.

2023 жылы "Атамекен" ҚР ҰКП рейтингінде 21 ББ ТОП-10-ға енді.

2023 жылғы бакалавриат түлектерінің жұмысқа орналасуы 83% құрады.

2024-2025 оқу жылында білім алушылар контингенті 10512 адамды құрады, оның ішінде 9888 - бакалавриат, 548 - магистратура, 76 - докторантура. 267 студент Қызылорда облысы әкімінің гранты бойынша оқиды, 2023 жылы Қазақстан Республикасы Президентінің стипендиясының иегерлері 26 студент болып табылады.

Дуальды білім беруді дамыту мақсатында кәсіпорындар базасында 94 кафедра филиалы жұмыс істейді, білім беру процесіне практик мамандар белсенді тартылуда.

Шетелдік жоғары оқу орындарымен Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университеті (Корея Республикасы), "Ташкент ауыл шаруашылығын ирригациялау және механикаландыру инженерлері институты" Ұлттық зерттеу университетімен (Өзбекстан Республикасы) бірлесіп 10 бірлескен білім беру бағдарламасы әзірленді.

Кәсіби қызметті бағалау және профессор-оқытушылар құрамын ынталандыру үшін университетте KPI жүйесі әзірленді, халықаралық

рейтингтік журналдарда ПОҚ басылымдарға мақала жариялау белсенділігін арттыру үшін ынталандыру шаралары қарастырылған.

Мыңнан астам университет түлектерін біріктіретін «Қорқыт ата атындағы Қызылорда университетінің түлектер қауымдастығы» қоғамдық бірлестігі жұмыс істейді. Бірлестік мүшелері университеттің жаңа мазмұндағы жоғары оқу орны және жоғары білікті мамандар даярлайтын орталық ретінде дамып, нығайуына өз үлестерін қосуда.

2021 жылы "Korkyt ata Endowment" корпоративтік қоры құрылды. Қор қызметінің мәніаумақтарды абаттандыруды, кітапхана қорын жаңартуды, үй-жайларды реконструкциялау мен жөндеуді, білім алушылар үшін атаулы гранттар мен стипендиялар құруды, қайырымдылық қызметіне қатысуды, қайырымдылық іс-шараларды ұйымдастыруды, өткізуді немесе өткізуге жәрдемдесуді, университет білім алушыларына өзге де материалдық қолдау көрсетуді қоса алғанда, университеттің материалдық-техникалық базасын нығайтуды дамытуға жәрдемдесу болып табылады.

Халықаралық ынтымақтастық саласында 150-ден астам шарттар мен меморандумдарға қол қойылды.

Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігінің "Шетелдік ғалымдарды тарту" бағдарламасы бойынша, сондай-ақ университет қаражаты есебінен соңғы 3 жылда оқу процесіне Ресей, АҚШ, Канада, Түркия, Гонконг, Болгария, Венгрия, Финляндия, Франция, Швейцария, Оңтүстік Корея, Сербия, Украина, Өзбекстан елдерінен 67 ғалым мен оқытушы тартылды.

2023-2024 оқу жылында Корея Республикасы Елшілігінің жанындағы білім беру орталығымен келісім шеңберінде 3 ерікті оқытушы-корей тілі, сондай-ақ американдық Фулбрайт бағдарламасы шеңберінде барлық білім алушылар мен қала тұрғындары үшін ағылшын тілі жұмыс істеді.

2024 жылы университетте Қытай Халық Республикасынан, Өзбекстан Республикасынан, Ресей Федерациясынан және Моңғолиядан 46 шетелдік студент оқыды.

Корея Республикасының Үкіметін қаржыландыру есебінен Корея Республикасының Сеул Ұлттық Ғылым және технологиялар университетімен бірлесіп "It-кафедраларды қайта құрылымдау және жасанды интеллекттің жаңа мектебін құру" жобасы әзірленді. Жоба 7 жылға (2023-2029) есептелген және оқу процесіне жаңа технологияларды енгізуді, жасанды интеллект және бизнес-инкубациялау мектебін құруды, озық университетті құру тәжірибесінің трансфертін көздейді. Осы жоба аясында 2023 жылдың 6 қарашасында университетте жасанды интеллект институтының ашылуы өтті.

Университетте ғылыми-зерттеу жұмыстары әртүрлі гранттық қаржыландыру жобалары, жергілікті атқарушы органдар мен кәсіпорындардың тапсырыстары, сондай-ақ халықаралық келісімдер аясында жүзеге асырылады. 2020-2023 жылдарға арналған ғылымға

жалпы табыс 1 018 783 мың теңгені құрады (2020 жыл – 108 225 мың теңге; 2021 жыл – 130 349 мың теңге, 2022 жыл – 191 192 мың теңге, 2023 жыл – 589 017 мың теңге).

2022 жылы университеттің 3 ғалымы "Жоғары оқу орнының үздік оқытушысы-2022" байқауының жеңімпаздары атанды.

2021 жылдан бастап жас ғалымдарды қолдау шеңберінде университетте жыл сайын 40 жасқа дейінгі жас ғалымдар үшін ғылыми-зерттеу жұмыстарын жүзеге асыруға Басқарма Төрағасы-ректордың гранты бөлінеді. 2021 жылы байқаудың жеңімпаздары 4 жоба, 2022 жылы – 6 жоба, 2023 жылы – 8 жас ғалым жобасы, 2024 жылы - 15 жас ғалым жобасы болды. 4 жыл ішінде қаржыландырудың жалпы сомасы 50 млн. теңгені құрайды.

2018-2023 жылдары университет ғалымдары Scopus базасында (10.10.2024 ж.жағдай бойынша) 412 мақала, WEB of Science базасында (10.10.2024 ж. жағдай бойынша) – 121 мақала жариялады.

Қазақстан Республикасы ҒЖЖБ министрлігінің шешімімен 2022-2024 ж.ж. Ғылыми-педагогикалық кадрларды даярлау үшін университетте кадрларды даярлау бағыттары бойынша 3 диссертациялық кеңес жұмыс істейді: 8D011 – Педагогика және психология, 8D017 – Тіл және әдебиет пәндері бойынша мұғалімдерді даярлау, 8D073 – Сәулет және құрылыс.

Ғылыми зерттеулердің нәтижелерін жариялау үшін университетте 8 ғылыми журнал шығарылады: Chemistry and Chemical Technology Journal; Biological Sciences Journal; Philological Sciences Journal; Математика, физика, информатиканы оқытудың өзекті мәселелері; Техника ғылымдары және технология; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. "Ауыл шаруашылығы ғылымдары" сериясы; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. "Педагогика және психология"; Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университетінің хабаршысы. "Экономикалық ғылымдар" сериясы.

"Ауыл шаруашылығы ғылымдары" сериясы журналының ғылыми жетістіктердің негізгі нәтижелерін жариялау үшін уәкілетті орган ұсынатын ғылыми басылымдардың тізбесіне енгізілген. (Қ.Р. ҒЖЖБ).

Халықаралық гранттар шеңберінде 5 білім беру жобасы (Эразмус+ және т.б.) және HORIZON-2020 бағдарламасы бойынша 3 халықаралық ғылыми жоба (Нова Лиссабон университетімен, Португалия), Тюбинген университетімен (Германия), Мэйдзи университетімен (Жапония) бірлесіп орындалады.

2020 жылдың қазан айынан бастап университетте TOEFL аймақтық орталығы жұмыс істейді. Осы уақыт ішінде TOEFL ITP тестін 233 адам тапсырды.

Университеттегі тәрбие жұмысының басым бағыты студенттердің рухани-адамгершілік құндылықтарын, қазақстандық патриотизмді нығайту, біртұтас жоғары мәдениетті және әлеуметтік-жауапты тұлғаны қалыптастыру, қоғамдық-саяси белсенділікті дамыту, азаматтық қатысу

деңгейін және көшбасшылық дағдыларды арттыру, салауатты өмір салтын қалыптастыру, дарынды жастарды қолдау, студенттің өзін-өзі басқаруды жандандыруы болып табылады.

Университетте 21 жастар ұйымы жұмыс істейді. Білім алушылардың салауатты өмір салтын және бос уақытын қалыптастыру үшін дене шынықтыру сабақтары 11 спорт секциясында білім алушылардың мүдделері бойынша өткізіледі.

Университеттің инфрақұрылымына 10 оқу ғимараты, студенттер сарайы, "Сейхун" спорттық-сауықтыру кешені, 6 студенттік асхана, 4 оқу залы бар кітапхана және Open Space форматындағы жаңартылған кітапхана, жылыжай шаруашылығы бар агробиологиялық учаске, әскери кафедраның оқу-тактикалық полигоны және 5 жатақхана кіреді.

Қазіргі уақытта аудитория қорына 396 аудитория кіреді, оның ішінде 279 аудитория, 74 зертхана, 6 шеберхана, 13 компьютерлік сынып, 67 мультимедиялық сынып, жеке сабақтарға арналған 21 кабинет, 3 би залы.

Университетте корпоративтік компьютерлік желі, "E-UNIVER" ақпараттық-білім беру порталының жүйесі жұмыс істейді, оған барлық бөлімдер, қызметтер мен оқу бөлімшелері қосылған. Бірыңғай корпоративтік желінің арқасында меншікті ақпараттық жобалар қарқынды дамып келеді: ақпараттық сайт korkyt.edu.kz және "E-univer".

Компьютерлердің, моноблоктардың, ноутбуктардың жалпы саны 1300 бірліктен асады. Компьютерлік парк жыл сайын жаңартылып отырады. Интернетке қолжетімділік ЖОО-ның барлық білім алушыларына Wi-Fi сымсыз желісі арқылы беріледі. Интернет желісіне қосылу жылдамдығы ЕШДИ 600 Мбит/сек және WI-FI үшін 800 Мбит/сек.

Жергілікті есептеу желісі "жұлдыз" топологиясы бар серверлік телекоммуникациялық инфрақұрылымнан тұрады. Жергілікті желінің ақпараттық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін заманауи әдістер мен технологиялар қолданылады. Есептік қол жеткізуді бақылау (СКУД), дауыстап хабарлау және бейнебақылау жүйелері орнатылған.

Университет қызметін цифрландыру шеңберінде "Салемофис" электрондық құжат айналымы жүйесі (ЭҚЖ) енгізілді, "АЖО" кадрларды есепке алудың электрондық жүйесі жұмыс істейді, прокторингтің электрондық жүйесі және плагиатқа қарсы лицензиялық бағдарлама енгізілген.

Бүгінгі таңда университет қоғамға пайдалы болуды және аймақтың игілігі үшін жұмыс істеуді мақсат етіп отыр. Бұл үшін алдағы жылдары университеттің материалдық-техникалық базасын, студенттерге, профессор-оқытушылар құрамына арналған әлеуметтік-тұрмыстық жағдайларды жақсарту, білім сапасын арттыру, білім беру және ғылыми қызметті цифрландыру мәселесі күн тәртібінде қалып отыр, өйткені дәл осы Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті зияткерлік ортаны қалыптастыруда және бәсекеге қабілетті мамандарды даярлауда Қызылорда облысында кадр дамытудың негізгі драйвер тетігі болып

табылады.

Ағымдағы жағдайды, еңбек нарығын және бәсекелестерді талдау университет қызметіндегі күшті және әлсіз жақтарын анықтауға, даму үшін қолайлы мүмкіндіктерді анықтауға және тәуекелдерді анықтауға мүмкіндік берді.

SWOT-талдау

S (strength) – күшті жақтары	W (weakness) – әлсіз жақтары
- бакалавриат-магистратура-докторантура деңгейлері бойынша ұсынылатын білім беру бағдарламаларының кең спектрі; - профессор-оқытушылар құрамының ғылыми әлеуеті; - үш тілде білім беру бағдарламасын іске асыру; - ПОҚ мен қызметкерлердің кәсіби өсуі үшін жағдай жасау, академиялық ұтқырлықты дамыту, жақын және алыс шетелдердің жетекші университеттерінде біліктілікті арттыру; - ғылыми-білім беру қызметін жүзеге асыруға арналған қазіргі заманғы материалдық-техникалық база мен зертханалар; - ПОҚ үшін KPI жүйесін және жарияланымдық белсенділігі үшін ынталандыру шараларын іске асыру; - жас ғалымдарды қолдау: ректор гранты, әлеуметтік қолдау; - жастардың өзін-өзі жетілдіру үшін әртүрлі мотивация түрлері мен қолайлы жағдайлар	- оқу ақысына тәуелділік (университет кірісінің 90% оқу ақысына тиесілі); - ПОҚ мен білім алушылардың шет тілдерін (атап айтқанда, ағылшын тілін) меңгеруінің төмен деңгейі; - кадрлардың қартаюы және жас мамандардың үлкен қалаларға көшуі; - шетелдік студенттер үшін аймақтың төмен тартымдылығы: үлкен мегаполистерден қашықтық, экологиялық және климаттық жағдайлар; -жерқойнауын пайдаланушылармен бірлесіп ғылыми-зерттеу және тәжірибелік-конструкторлық жұмыстарды (ҒЗТҚЖ) іске асырудың төмен деңгейі; - бизнес-процестерді цифрландырудың жеткіліксіз деңгейі; - кейбір оқу ғимараттарының апаттық жағдайы; - жеке инвесторлар тарапынан инвестиция жасау үшін жоғары білімнің төмен тартымдылығы
O (opportunity) – қолайлы мүмкіндіктер	T (threat) – қауіптер, тәуекелдер
- Арал өңіріндегі жалғыз университет (ведомстволық бағыныста) (ҚР оңтүстік-батысы); - бейресми білім беруді дамыту; - университеттің тарихымен танымал бренді;	- мектеп түлектерінің үлкен мегаполистерге кетуі; - аралас мамандықтар бойынша ЖОО тарапынан білім беру қызметтері нарығында бәсекелестікті күшейту;

- жұмыс берушілердің, мемлекет пен қоғамның қажеттіліктеріне сәйкес білім беру және ғылыми қызметті әртараптандыру; - өңірдегі демографияның өсуі: орта мектеп түлектерінің санының артуы; - өңірде жас кадрларға мұқтаж өндіруші, агроөнеркәсіптік, өндірістік компаниялардың жұмыс істеуі; - жоғары оқу орындарымен және орталықтармен халықаралық ынтымақтастықты кеңейту; - бірлескен білім беру бағдарламаларын және/немесе қос дипломды жасау; - мемлекет тарапынан ғылымды қаржыландыруды ұлғайту.	- көршілес жоғары оқу орындарында оқудың төмен бағасы; -материалдық-техникалық базаның қартаюуы; - инфляция және әлемдегі геосаяси жағдай.
--	--

3. УНИВЕРСИТЕТТІҢ МИССИЯСЫ, ПАЙЫМДАУЫ, ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ МЕН ДАМУ ПЕРСПЕКТИВАЛАРЫ

Миссиясы:

Жаңа білімдерді қалыптастыру және өңірдің зияткерлік әлеуетін ашу.

Пайымдауы:

Қорқыт Ата атындағы Қызылорда университеті – облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуына және сапалы адами капиталды қалыптастыруға ықпал ететін қуатты өңірлік университет.

Құндылықтар:

Сапасы

Студенттердің кәсіби дағдылары мен құзыреттіліктерінің жоғары деңгейін қалыптастыру.

Инновация

Білікті кадрларды даярлау және өңірдің бәсекеге қабілеттілігі үшін қажетті ғылым мен технологиялардың заманауи жетістіктерін әзірлеу және қолдану.

Әлеуметтік жауапкершілік:

Университет – жеке тұлғаның этикалық, эстетикалық дамуына және қоғамдағы салауатты өмір салтына жауапты, өңірдің әлеуметтік бастамалар мен мәдениет құраушы ерекшеліктерін қалыптастырушы орталық.

Университет қызметінің стратегиялық бағыттары:

1. Академиялық артықшылық және білім беруді интернационалдандыру.
2. Ғылым мен халықаралық ынтымақтастықты дамыту.
3. Инфрақұрылымды цифрландыру және жаңғырту.

4. СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТТАР, МАҚСАТТАР, НЫСАНАЛЫ ИНДИКАТОРЛАР ЖӘНЕ ОЛАРҒА ҚОЛ ЖЕТКІЗУ ЖӨНІНДЕГІ МІНДЕТТЕР

1СТРАТЕГИЯЛЫҚ БАҒЫТ АКАДЕМИЯЛЫҚ АРТЫҚШЫЛЫҚ ЖӘНЕ БІЛІМ БЕРУДІ ИНТЕРНАЦИОНАЛДАНДЫРУ.

1. Мақсат. Университеттің кадрлық және ғылыми әлеуетін дамыту үшін корпоративтік басқарудың тиімді жүйесін құру.

Нысаналы индикатор:

Нысаналы индикатор	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
		2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
Корпоративтік басқару жүйесіне тартылған ПОҚ, білім алушылар мен қызметкерлердің үлесі	%	0,9	1	1	1	1	1	1

1.1.Міндеті.Қызметкерлердің үздіксіз кәсіби дамуын және ғылыми кадрлардың біліктілігін арттыруды қамтамасыз ету.

Университет жобалық менеджмент қағидаттарына негізделетін дамыған корпоративтік мәдениетті қамтамасыз етеді.

Университет қызметкерлер мен ПОҚ біліктілігін арттыруға, таланттарды тартуға және сақтауға бағытталған тиімді HR жүйесін құрады.

Университет жұмыс берушілермен және бизнес-құрылымдардың өкілдерімен бірлесіп кадрлар даярлауды жүзеге асыратын болады.

Негізгі көрсеткіштер:

№	Негізгі көрсеткіш	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
			2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
1.	Менеджмент саласындағы біліктілікті арттыру курстарынан өткен әкімшілік – басқару құрамның үлесі	%	90	95	95	96	96	97	97
2.	Қайта даярлаудан және біліктілігін арттырудан өткен ПОҚ мен қызметкерлердің үлесі	%	90	92	93	94	94	95	95
	- оның ішінде, ПОҚ университет қаражаты есебінен	%	33	34	35	35	35	36	37
3.	ПОҚ мен қызметкерлердің еңбек жағдайларына қанағаттануы	%	81	83	85	85	87	88	88
	Оқу процесіне тартылған жұмыс берушілердің, бизнес-құрылым өкілдерінің саны	адам	56	58	60	65	70	75	80
4.	ПОҚ жалпы санынан оқу процесіне тартылған жұмыс	%	10	10,7	12	13,5	14,5	15.5	16,5

	берушілердің, бизнес-құрылымдар өкілдерінің үлесі								
5.	Жалпы құжат айналымындағы мемлекеттік тілдің үлесі	%	70	85	92	94	96	98	100
6.	Директорлар кеңесі құрамындағы әйел адамдардың үлесі	%	35	35	35	35	35	35	35
7.	Атқарушы орган құрамындағы әйел адамдардың үлесі	%	35	35	35	35	35	35	35
8.	Құрылымдық бөлімшелер басшыларының құрамындағы әйел адамдардың үлесі	%	40	40	40	40	40	40	40

1.2. Міндеті. Ғылыми дәрежелігін арттыру, ынталандыру бағдарламасын және кадрлық және ғылыми әлеуетті ынталандыру шараларын әзірлеу.

Университетте ғылыми-педагогикалық әлеуеті жоғары профессорлық-оқытушылық құрам аймақтың әлеуметтік-экономикалық дамуына ықпал ететін ұйымдық архитектураның жаңа үлгісін жасау.

Университет қызметкерлер мен оқытушылар үшін мотивацияның әртүрлі түрлерін жетілдіреді.

Негізгі көрсеткіштер:

№	Негізгі көрсеткіш	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
			2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
9.	Ғылыми дәрежесі және философия докторы (PhD) дәрежесі бар ПОҚ үлесі	%	49	49,5	50	50	51	52	52
10.	Университеттің ұлттық рейтингтегі орны	орын	7	7	7	7	6	6	6

2. Мақсат. Қоғамның инновациялары мен сұранысына негізделген білім беру бағдарламалары және берілетін біліктілік сапасын қамтамасыз ету.

Нысаналы индикатор:

Нысаналы индикатор	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
		2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
ЖОО бітіргеннен кейін 1-ші жылы жұмысқа орналасқан түлектердің үлесі (түлектердің жалпы санынан)	%	76	77	78	79	80	81	82
Басшылық позициядағы түлектердің үлесі	%	0,7	0,9	1,1	1,2	1,3	1,4	1,4

2.1.Міндеті. Ұлттық және аймақтық контекстке біріктірілген тиімді академиялық экожүйені қалыптастыру.

Университет Сеултехпен стратегиялық әріптестік шеңберінде жасанды интеллект мектебі мен бизнес-инкубация құрды, онда 4 бағыт бойынша IT-технологиялар саласындағы әлемдік трендтерге сәйкес кадрлар даярлау жүзеге асырылатын болады.

Университет білім беру бағдарламаларын басқарудың жаңа тәсілдерін жүзеге асырады және компаниялар мен қазіргі заманғы еңбек нарығының сұранысына қарай инновациялық БББ құрады.

Негізгі көрсеткіштер:

№	Негізгі көрсеткіш	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
			2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
11.	Халықаралық білім беру бағдарламаларының саны (Сеултехпен стратегиялық әріптестік шеңберінде)	бірл.	-	-	2	2	2	2	2
12.	Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық БББ саны	бірл.	1	1	2	2	3	3	4
	Салалық қауымдастықтар мен кәсіпорындардың тапсырысы бойынша әзірленген инновациялық БББ үлесі	%	0,9	0,9	1,5	1,5	2	2	2,5
13.	Институционалдық аккредиттеу	бірл.					+		
14.	БББ жалпы санынан аккредиттелген БББ үлесі	%	77	78	80	82	84	86	90
15.	Облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуының басым бағыттары бойынша қолданбалы жобалар форматында орындалған дипломдық жұмыстардың үлесі	%	2	2	3	4	6	8	10
16.	Біліктілікті бағалаудан өткен түлектердің үлесі (кәсіби дайындықты бағалау)	%	65	67	68	70	75	80	85
17.	Мемлекеттік тілде қорғалған диссертациялардың үлесі:	%	86	86,5	87,5	88,5	89	89,5	90
	- магистрлік диссертация		80	82	85	87	88	89	90
	- докторлық диссертация (PhD)								

2.2.Міндеті. Білім алушылар контингентін қалыптастыру, университетке дарындарды тарту және түлектерді жұмысқа орналастыру.

Университет еңбек нарығындағы тартымдылығы мен сұранысқа ие болуы үшін БББ ребрендингін жүзеге асырады.

Университет дарындарды тарту үшін оқытушылардың практикалық дағдылары мен кәсіби құзыреттілігін арттырады, білім алушылар мен оқытушылардың академиялық ұтқырлығы мен тұлғасын дамыту үшін қолайлы жағдай жасайды.

Университет бейресми білім беру бағдарламаларын дамытатын және қызметкерлер мен білім алушылардың біліктілігін арттыруға жетекші сарапшыларды тартатын болады.

Негізгі көрсеткіштер:

№	Негізгі көрсеткіш	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
			2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
18.	Білім алушылар контингенті	адам	10140	10463	10620	10750	11000	11500	12000
19.	ЖОО-на оқуға түскендердің жалпы санынан «Алтын белгі» белгісімен, халықаралық олимпиадалар мен соңғы үш жылдағы ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының, президенттік, республикалық олимпиадалардың және ағымдағы оқу жылындағы ғылыми жобалар конкурстарының жеңімпаздарының (бірінші, екінші және үшінші дәрежелі дипломдармен марапатталған) үлесі	%	1	1	1	1,5	1,5	2	2
20.	Кейіннен жұмысқа орналасу және мансаптық өсуге (Upgrade – кәсіптік курстар) бизнеспен бірлесіп әзірленген университеттің біліктілігін арттыру және қайта даярлау бағдарламасынан өткен түлектердің үлесі	%	-	-	1	2	3	4	5
21.	Бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны (Күміс университеттен басқа)	адам	350	400	420	440	460	480	500
22.	Күміс университетінің бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	адам	96	108	150	170	180	190	200
23.	6-74 жас аралығындағы цифрлық сауаттылықты арттыруға бағытталған бейресми білім беру бағдарламалары бойынша тыңдаушылар саны	адам	19	25	50	80	100	130	150
24.	Қаржылық сауаттылық негіздері бойынша курстан өткен 1 курс студенттерінің үлесі (жыл сайын барлық 1 курс студенттері)	%	-	11,6	96,7	100	100	100	100

2.3.Міндеті.Туісті оқыту ресурстарының (цифрлық платформалар, білім беру желілері, жаппай ашық онлайн-курстар платформалары (MOOCs) қолжетімділігін қамтамасыз ету, ерекше білім беруді қажет ететін адамдарға жоғары білім алуға тең әріеш кедергісіз қол жеткізуге жағдай жасау.

Университет аралас форматта білім алу үшін пәндер санын көбейтеді (қашықтықтан режимде, цифрлық платформалар, онлайн курстар, ЖАОК, Coursera).

Университет виртуалды зертханалар, цифрлық кітапхана құрып, оқыту үдерістерін автоматтандырудың бірыңғай жүйесін құрады.

Университет барлық деңгейдегі білім алуға бейімделген білім беру ортасын және кедергісіз қолжетімділікті қалыптастырады.

Негізгі көрсеткіштер:

№	Негізгі көрсеткіш	өлш. бірл.	Жылдар бойынша жоспарланған кезең						
			2023	2024	2025	2026	2027	2028	2029
25.	Жаңа кәсіптер атластарына сәйкес жаңа / жаңартылған ББ саны	бірл	-	-	3	6	8	10	12
26.	Онлайн курстар әзірленген пәндер саны (МООС)	бірл	20	42	60	70	80	90	100
	Пәндердің жалпы санынан онлайн курстар (МООС) әзірленген пәндердің үлесі	%	0,8	0,9	1,9	2,3	2,6	2,9	3,0
27.	Іске асыру кезінде әлемдік цифрлық кітапханалар пайдаланылатын БББ үлесі	%	38	50	55	60	62	63	65
28.	Оқу процесінде әлемдік цифрлық кітапханаларды пайдаланатын студенттердің үлесі	%	15	30	50	60	62	63	65
29.	Ірі әлемдік платформаларда қолжетімді ПОҚ онлайн курстарының саны	бірл	-	-	1	2	3	4	5
	Ірі әлемдік платформаларда қолжетімді ЖОО-ның онлайн курстарының үлесі	%	-	-	1,6	2,8	3,7	4,4	5,0
30.	Білім алушылар мен ПОҚ білім беру қызметтерінің сапасына және экожүйеге қанағаттану дәрежесі	%	82	85	90	91	91	91	91
31.	Жұмыс берушілер арасындағы бедел (әлеуметтік сауалнама нәтижелері бойынша)	%	80	82	85	86	87	87	88
